

## "Халықты және азаматтық қорғау саласындағы мамандарды ақпараттандыру, білімді насиҳаттау, оқыту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 2 шілдедегі № 494 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2025 жылғы 19 тамыздағы № 338 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 20 тамызда № 36654 болып тіркелді

### БҰЙЫРАМЫН:

1. "Халықты және азаматтық қорғау саласындағы мамандарды ақпараттандыру, білімді насиҳаттау, оқыту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 2 шілдедегі № 494 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20990 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 60) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген халықты және азаматтық қорғау саласындағы мамандарды ақпараттандыру, білімді насиҳаттау, оқыту қағидаларында:

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. Осы халықты және азаматтық қорғау саласындағы мамандарды ақпараттандыру, білімді насиҳаттау, оқыту қағидалары (бұдан әрі-Қағидалар) "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – заң) 12 - бабы 1-тармағының 60) тармақшасына сәйкес әзірленді және халықты және азаматтық қорғау саласындағы мамандарды хабардар ету, білімді насиҳаттау, оқыту тәртібін айқындайды.";

4-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"4. Азаматтық қорғау саласындағы уәкілді орган (бұдан әрі-уәкілді орган) және оның аумақтық органдары төтенше жағдайдың туындау қаупі туралы болжам болған кезде халықты алдын ала хабардар етуді қамтамасыз етеді және оларға Заңмен жүктелген өкілдіктерге сәйкес азаматтық қорғау саласындағы білімді насиҳаттауды үйимдастырады.";

7-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"7. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды бақылау, жағдайды бақылау және болжау қызметтері (сейсмологиялық қызмет, сел құлақтандыру жүйелері, радиациялық қауіпсіздікті бақылау және басқалар) алдын алу мақсатында, Қазақстан Республикасының аумағында және (немесе) іргелес мемлекеттердің шекара маңындағы аумағында төтенше жағдайдың туындау қаупі төнген кезде оның сипаттамаларын

көрсете отырып, қажетті ақпаратты уәкілетті органның тиісті органына дереу ұсынады.  
";

11, 12 және 13-тармақтар келесі редакцияда жазылсын:

"11. Азаматтық қорғау саласындағы білімді насиҳаттауды уәкілетті орган, оның аумақтық органдары, сондай-ақ мемлекеттік органдар, ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктер жүзеге асырады.

12. Уәкілетті органның аумақтық органдары жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, насиҳаттау жоспарына сәйкес азаматтық қорғау саласындағы білімді насиҳаттауды жүзеге асырады.

13. Азаматтық қорғау саласындағы білімді насиҳаттау жоспарын уәкілетті органның аумақтық органы жыл сайын 25 желтоқсанға дейін әзірлейді және осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес жергілікті атқарушы органдар бекітеді.";

16 және 17-тармақтар келесі редакцияда жазылсын:

"16. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарын уәкілетті органның оку орындарында оқыту азаматтық қорғау саласындағы орталық және жергілікті атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың басшы құрамы мен мамандарын даярлау және қайта даярлау жоспарына сәйкес жүргізіледі.

17. Азаматтық қорғау саласындағы орталық және жергілікті атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың басшы құрамы мен мамандарын даярлау және қайта даярлау жоспарын уәкілетті орган орталық және жергілікті атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың өтінімдері негізінде әзірлейді және оны азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.";

4-тaraудың 2-параграфының тақырыбы келесі редакцияда жазылсын:

"2-параграф. Уәкілетті органның аумақтық органдарында оқытууды ұйымдастыру тәртібі";

23, 24, 25, 26 және 27-тармақтар келесі редакцияда жазылсын:

"23. Оқудан өту қорытындысы бойынша қорытынды тестілеуді тапсыру кезінде жіберілмеген немесе қанағаттанарлықсыз білім деңгейін көрсеткен тыңдаушыларға азаматтық қорғау саласында оқудан өткені туралы сертификаттар берілмейді.

24. Оқудан өткен және қорытынды тестілеуден өткен тыңдаушыларға Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 20 қазандағы "Азаматтық қорғау саласында оқудан өткені туралы бірыңғай ұлгідегі сертификатты белгілеу туралы" (

нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12292 болып тіркелген) № 857 бүйрығымен бекітілген азаматтық қорғау саласында оқудан өткені туралы сертификаттар беріледі (бұдан әрі – сертификат).

25. Уәкілетті органның аумақтық органдарында оқыту осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша азаматтық қорғау саласында оқуға тыңдаушылары бар топтардың санаттарын қабылдау жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

26. Азаматтық қорғау саласында оқыту үшін тыңдаушылармен топтардың санаттарын жасақтау жоспары уәкілетті органның аумақтық органдарында оқытылатын тыңдаушылардың тізімі және оқытудың кезеңділігі осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес айқындалған.;

27. Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарында оқытылатын тыңдаушылардың тізімі және оқытудың кезеңділігі осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес айқындалған.;

31-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"31. Оқыту процесі басталардан бір апта бұрын оқытууды жүзеге асыратын уәкілетті органның аумақтық органдарында оқытуудың басшысы осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша азаматтық қорғаныс сабактарын өткізу кестесін бекітеді.>";

36-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"36. Азаматтық қорғау саласындағы тыңдаушыларды оқытууды есепке алу және сертификаттар беру журналдары азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарында сақталады.>";

47-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"47. Азаматтық қорғаныс бойынша санатқа жатқызылған ұйымдардың қызметкерлерін оқытууды белгіленген мерзімдерге сәйкес уәкілетті органның аумақтық органдарында немесе уәкілетті органның ұйымдары мен оку орындарында оқудан өткен және тиісті сертификаттары бар азаматтық қорғау бойынша сабактар топтарының басшылары жүргізеді.>";

56-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"56. Азаматтық қорғау құралымдарының жеке құрамын оқытууды азаматтық қорғау жөніндегі сабактар топтарының басшылары мен азаматтық қорғау құралымдарының командирлері уәкілетті органның аумақтық органдарында немесе белгіленген мерзімдерге сәйкес және тиісті сертификаттары бар уәкілетті органның ұйымдары мен оку орындарында жүргізіледі.>";

77-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"77. Ұйымның сұрау салуы бойынша уәкілетті органның аумақтық органдары ұйымдардың қызметкерлерімен белгілі бір тақырыптар бойынша көшпелі сабактар ұйымдастыра алады.>";

80, 81 және 82-тармақтар келесі редакцияда жазылсын:

"80. Азаматтық деңгейде азаматтық қорғау саласында оқу-жаттығулар мен жаттығулар өткізу жоспарын уәкілетті органның азаматтық органы әзірлейді және осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жергілікті атқарушы орган бекітеді.

81. Азаматтық қорғау саласындағы оқу-жаттығулар мен жаттығуларды азаматтық деңгейде және ұйымдарда өткізуге жауапты орындаушылар азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның азаматтық органдарына оларды өткізу туралы ақпаратты ұйымдастыру құжаттарының көшірмелерін қоса бере отырып олар аяқталғаннан кейін бес күн ішінде ұсынуы қажет.

82. Оқу-жаттығу және жаттығу бойынша ұйымдастыру құжаттары:

республикалық деңгейде – азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган және оны азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді;

аумақтық деңгейде – азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның азаматтық органы болып табылады және оны азаматтық қорғаныс бастығы немесе оның тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің орынбасары бекітеді;

объектілік деңгейде – ұйымдардың басшылары азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның азаматтық органдарымен келісім бойынша және ұйымның азаматтық қорғаныс бастығымен бекітіледі.";

2 қосымша осы бүйрықтың 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

4 қосымша осы бүйрықтың 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

8 қосымша осы бүйрықтың 3-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

9-қосымша осы бүйрықтың 4-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Азаматтық қорғаныс және әскери бөлімдері бойынша комитеті қамтамасыз етсін:

1) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруын.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Төтенше жағдайлар министрі

Ч. Аринов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасының  
Атом энергиясы жөніндегі агенттігі"  
Республикалық мемлекеттік мекемесі  
"КЕЛІСІЛДІГ"  
Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасының  
Әділет министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасы  
Бас прокуратурасы  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасы  
Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасының  
Ғылым және жоғары білім министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасының  
Қаржылық мониторинг агенттігі  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасының  
Көлік министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және ақпарат министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік қызмет істері агенттігі  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік күзет қызметі  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасының  
Оқу-ағарту министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасының

Өнеркәсіп және құрылым министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Президентінің Іс басқармасы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Сауда және интеграция министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Цифрлық даму, инновациялар

және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі"

Республикалық мемлекеттік мекемесі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық қауіпсіздік комитеті

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Экология және табиғи ресурстар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасының

Төтенше жағдайлар министрі

2025 жылғы 19 тамыздағы

№ 338 Бүйрыққа 1-қосымша

Халыққа және азаматтық қорғау  
саласындағы мамандарға хабар  
беру, білімді насиҳаттау, оқыту

қағидаларының

2-қосымшасы

**Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның үйымдары мен оқу орындарында  
оқытуға жататын лауазымды адамдардың және оқыту мерзімділігінің ТІЗБЕСІ**

№	Білім алушылардың санаттары	Оқыту кезеңділігі
1	2	3
	Орталық атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының	

1.	Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар:	
	Бірінші басшылардың орынбасарлары	5 жылда 1 рет
	төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссиялардың терағалары және олардың орынбасарлары	3 жылда 1 рет
	эвакуациялық комиссиялардың терағалары және олардың орынбасарлары	3 жылда 1 рет
	департаменттердің директорлары және олардың орынбасарлары	5 жылда 1 рет
	басқармалардың басшылары және олардың орынбасарлары	5 жылда 1 рет
	бөлім басшылары және олардың орынбасарлары	5 жылда 1 рет
	құрылымдық бөлімшелердің мамандары (қызметкерлер)	3 жылда 1 рет
2.	Жергілікті атқарушы органдар және өкілді органдар:	
	қалалардың, аудандардың әкімдері, әкімдер аппараттарының басшылары	3 жылда 1 рет
	төтенше жағдайлардың (облыстардың, қалалар мен аудандардың) алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссиялардың терағалары және олардың орынбасарлары	3 жылда 1 рет
	эвакуациялық (эвакуациялық-қабылдау) комиссиялардың (облыстардың, қалалар мен аудандардың) терағалары және олардың орынбасарлары	3 жылда 1 рет
	басқармалардың басшылары және олардың орынбасарлары	5 жылда 1 рет
	бөлім басшылары және олардың орынбасарлары	5 жылда 1 рет
	құрылымдық бөлімшелердің мамандары (қызметкерлер)	3 жылда 1 рет
	азаматтық қорғау қызметтерінің (облыстардың, қалалар мен аудандардың) бастықтары және олардың орынбасарлары	3 жылда 1 рет

	азаматтық қорғау қызметтерінің мамандары (облыстардың, қалалар мен аудандардың)	3 жылда 1 рет
	жұмылдыру дайындығы бөлімшелерінің басшылары, олардың орынбасарлары мен мамандары	3 жылда 1 рет
	мәслихаттардың басшылары мен мамандары	3 жылда 1 рет
3.	Білім беру үйымдарының және бұқаралық ақпарат құралдарының басшылары	5 жылда 1 рет
4.	Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган:	
	азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның құрылымдық бөлімшелерінің, ведомстволарының, аумақтық органдарының, ведомстволық бағынысты үйымдарының басшылары және олардың орынбасарлары	5 жылда 1 рет
	азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның құрылымдық бөлімшелерінің, ведомстволарының, аумақтық органдарының, ведомстволық бағынысты үйымдарының мамандары	3 жылда 1 рет

Ескертпе:

1. Лауазымдық нұсқаулықтарына азаматтық қорғаныс саласындағы міндеттерді шешу кіретін лауазымға жақадан тағайындалған адамдардың біліктілігін арттыру жұмыстың бірінші жылы ішінде жүзеге асырылады.

2. Оқудан өткен тыңдаушыларға бірынғай үлгідегі сертификаттар беріледі.

Қазақстан Республикасының  
Төтенше жағдайлар министрі  
2025 жылғы 19 тамыздағы  
№ 338 Бұйрыққа 2-қосымша  
Халықта және азаматтық қорғау  
саласындағы мамандарға хабар  
беру, білімді насиҳаттау, оқыту  
қағидаларының  
4-қосымшасы

**Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарында оқытылатын тыңдаушылардың тізімі және оқу жиілігі**

№	Білім алушылардың санаттары	Оқыту кезеңділігі
1	2	3

1.	Қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері	5 жылда 1 рет
2.	Қалалардың, аудандардың (қалалық және ауылдық) төтенше жағдайлар жөніндегі комиссия мүшелері	3 жылда 1 рет
3.	Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және облыстардың, қалалардың эвакуациялық органдарының қызметкерлері	3 жылда 1 рет
4.	Қалалық, аудандық эвакуациялық, эвакуациялық қабылдау комиссиялардың мүшелері	5 жылда 1 рет
5.	Қалалық, аудандық және ауылдық әкімдіктердің лауазымды тұлғалары	5 жылда 1 рет
6.	Азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жатқызылған үйымдардың басшылары мен қызметкерлері	3 жылда 1 рет
7.	Үйымдардың, кәсіпорындардың, оқу орындарының басшылары және олардың орынбасарлары	5 жылда 1 рет
8.	Азаматтық қорғаныс мәселелерімен айналысадын үйымдардың, кәсіпорындардың және оқу орындарының мамандары (қызметкерлері)	3 жылда 1 рет
9.	Азаматтық қорғау қызметтерінің мамандары	3 жылда 1 рет
11.	Азаматтық қорғау құралымдарының командирлері (отрядтар, командалар, звенолар мен бекеттер)	3 жылда 1 рет
12.	"Дене шынықтыру", "Алғашқы әскери дайындық" және "Тіршілік қауіпсіздігі негіздері" пәндері бойынша оқу орындарының оқытушылары	2 жылда 1 рет
13.	Мектепке дейінгі мекемелерінің менгерушілері мен тәрбиешілері	3 жылда 1 рет
14.	Барлық ұлгідегі жалпы білім беретін мектептердің бастауыш сыныптардың сынып жетекшілері	5 жылда 1 рет
15.	Азаматтық қорғау құралымдарына кірмейтін жұмысшылары мен	3 жылда 1 рет

	қызметшілермен жұмыс топтарының жетекшілері	
16.	Еңбек және демалыс сауықтыру лагерлерінің жұмыскерлері	жыл сайын
17.	Волонтерлік ұйымдардың (топтардың) басшылары мен үйлестірушілері	2 жылда 1 рет
18.	Қауіпті өндірістік объектілердің басшылары	3 жылда 1 рет
19.	Қауіпті өндірістік объектілердің мамандары	3 жылда 1 рет
20.	Мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсететін медициналық-әлеуметтік мекемелердің қызметкері	3 жылда 1 рет

Ескертпе:

- Лауазымдық нұсқаулықтарына азаматтық қорғаңыс саласындағы міндеттерді шешу кіретін лауазымға жаңадан тағайындалған адамдардың біліктілігін арттыру жұмыстың бірінші жылы ішінде жүзеге асырылады.
- Оқудан өткен тыңдаушыларға бірыңғай үлгідегі сертификаттар беріледі.

Қазақстан Республикасының  
Төтенше жағдайлар министрі  
2025 жылғы 19 тамыздағы  
№ 338 Бұйрыққа 3-қосымша  
Халыққа және азаматтық қорғау  
саласындағы мамандарға хабар  
беру, білімді насиҳаттау, оқыту  
қағидаларының 8-қосымшасы

Нысан

### АНЫҚТАМА азаматтық қорғау саласында оқудан өткені туралы

Берілді \_\_\_\_\_.

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) ұйымның атауы, лауазымы)

\_\_\_\_\_ сағат көлемінде оқу курсынан өткені туралы.

Басшы \_\_\_\_\_ М/О \_\_\_\_\_

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) ұйымның атауы) (қолы, күні)

Қазақстан Республикасының  
Төтенше жағдайлар министрі  
2025 жылғы 19 тамыздағы  
№ 338 Бұйрыққа 4-қосымша  
Халыққа және азаматтық қорғау  
саласындағы мамандарға хабар  
беру, білімді насиҳаттау, оқыту  
қағидаларының 9-қосымшасы

**Азаматтық қорғау саласындағы оқу-жаттығулардың, жаттығулардың және сабактардың түрлері**

№ п/п	Іс-шара, тақырып	Білім алушылар құрамы	Откізу кезеңі	Жауапты орындаушылар	Ескертпе
1. Республикалық деңгейде					
1.	"Қазақстан Республикасын ың азаматтық көргау жүйесін бейбіт жағдайдан әскери жағдайға ауыстыру" тақырыбы бойынша "Корғау" республикалық штабтың жаттығуы	Орталық және жергілікті атқаруышы органдар, олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары, Қазақстан Республикасын ың Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар; республикалық азаматтық көргау қызметтері; ұйымдар	Жыл сайын	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі (бұдан әрі – ТЖМ)	
2.	"Көктемгі кезеңдегі су тасқыны жағдайының қолайсыз дамуы кезінде төтенше жағдайларды жою кезінде құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды дайындау және жүргізу" тақырыбы бойынша "Көктем" республикалық командалық-штабтың оку-жаттығуы	Орталық және жергілікті атқаруышы органдар, олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары, Қазақстан Республикасын ың Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар; республикалық азаматтық көргау қызметтері; ұйымдар	Жыл сайын	ТЖМ	
	"Қысқы кезеңдегі төтенше жағдайларды жою кезінде	Орталық және жергілікті атқаруышы органдар, олардың ведомстволық бағынысты			

3.	құтқару және басқа да шүғыл жұмыстарды дайындау және жүргізу" тақырыбы бойынша "Қыс" Республикалық командалық-шта б т ы қ оқу-жаттығуы	ұйымдары, Қазақстан Республикасын ың Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар; республикалық азаматтық қорғау қызметтері; ұйымдар	Жыл сайын	ТЖМ	
4.	Казақстанда болуы мүмкін жойқын жер сілкінісінің салдарын жоу кезіндегі іс-қимылдар бойынша "Жер" республикалық командалық-шта б т ы қ оқу-жаттығуы	Орталық және жергілікті атқарушы органдар, олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары, Қазақстан Республикасын ың Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар; республикалық азаматтық қорғау қызметтері; ұйымдар	3 жылда 1 рет	ТЖМ	
5.	"Зымран" Республикалық командалық-шта б т ы қ оқу-жаттығу	Орталық және жергілікті атқарушы органдар, олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары, Қазақстан Республикасын ың Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар; республикалық азаматтық қорғау		ТЖМ	

		қызметтері; ұйымдар	2 жылда 1 рет		
6.	"Теніз" Респубикалық командалық-шта бтық оку-жаттығу	Орталық және жергілікті атқарушы органдар, олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары, Қазақстан Республикасын ың Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар; респубикалық азаматтық корғау қызметтері; ұйымдар	Жыл сайын	ТЖМ	
7.	"Орт" Респубикалық командалық-шта бтық оку-жаттығу	Орталық және жергілікті атқарушы органдар, олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары, Қазақстан Республикасын ың Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар; респубикалық азаматтық корғау қызметтері; ұйымдар	3 жылда 1 рет	ТЖМ	

2. Аумактық деңгейде

	Азаматтық корғаныс бастығы, төтенше			
	Аумактың азаматтық корғаныс бастығы айқындастын	жагдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссияның	3 жылда 1 рет	Респубикалық маңызы бар қаланың астананың және

8.	такырыптар бойынша кешенді оқу-жаттыгулар (облыстарда, қалаларда және ауылдық жерлерде)	мүшелері, азаматтық қорғаныс қызметі, азаматтық қорғаныс күралымдары, ұйымдар, эвакуациялық органдар, тұрғындар	(2 жылда 1 рет санатталған қалаларда және аудандарда)	облыстардың, қалалардың жергілікті атқарушы органдары	
9.	Облыстардың, қалалардың және ауылдық аудандардың төтенше жағдайларды жою және азаматтық қорғаныс туралы командалық-штабтық оқу-жаттыгулары	Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің аумақтық ішкі жүйелерінің басқару органдары	Жыл сайын	Респубикалық маңызы бар қаланың астананың және облыстардың, қалалардың жергілікті атқарушы органдары	"Көктем", "Қыс", "Жер" және "Әрт" Респубикалық командалық-штабтық оқу-жаттыгулар шенберінде өткізуге рұқсат етіледі
10.	Жер сілкінің туындағанжағдаидадағы тұрғындардың, басқару органдарының, азаматтық қорғау бөлімшелерінің іс-әрекеттері бойынша штабтық (штабтық) жаттыгулар	Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің аумақтық ішкі жүйелерінің басқару органдары, эвакуациялық органдар, азаматтық қорғаныс күралымдары	Жыл сайын	Сейсмикалық қауіпті өнірлердің жергілікті атқарушы органдары	Респубикалық командалық-штабтық оқу-жаттығу шенберінде өткізуге рұқсат етіледі "Жер"
11.	Арнайы-тактикалық - оқу-жаттыгулар	Азаматтық қорғаудың аумақтық күралымдары, шұғылден қою жасактары	Жыл сайын	Респубикалық маңызы бар қаланың астананың және облыстардың, қалалардың жергілікті атқарушы органдары	

### 3. Ұйымдарда

	Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше				
--	---	--	--	--	--

12.	жағдайлардың туындау қаупіне және оларды жоюға байланысты іс-шараларды, азаматтық қорғаныс іс-шараларын пысықтауга арналған кешенді жаттығулар (тақырыпты азыматтық қорғаныс бастығы анықтайды). қорғаныс үйымдары)	Үйымдардың қызметкерлері	3 жылда 1 рет	Азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жатқызылған үйымдар	
13.	Объектілік жаттығулар	Үйымдардың қызметкерлері, Білім беру үйымдарының студенттері, білім алушылары мен педагогтері, Медициналық қызметкерлер	3 жылда 1 рет	Азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жатқызылмаған үйымдар, Білім беру үйымдары, медициналық емдеу-профилактикалық мекемелер	
14.	Азаматтық қорғауды бейбіт жағдайдан әскери жағдайға ауыстыру жөніндегі штабтық жаттығулар	Үйымдардың қызметкерлері	2 жылда 1 рет	Азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жатқызылған үйымдар	
15.	Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою және азаматтық қорғаныс жөніндегі міндеттерді орындау үшін азаматтық қорғаныс бөлімшелерін	Үйымдардың қызметкерлері	Жылына 1 рет	Азаматтық қорғаудың объектілік күралымдары құрылған үйымдар	"Көктем", "Қыс", "Жер" Республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығулар шеңберінде

	даярлауға арналған арнайы - тактикалық жаттығулар			өткізуге рұқсат етіледі
16.	Жаттығулар: 1) қауіпті өндірістік объектілердегі авариялық жағдайлар мен оқыс оқиғалар бойынша; 2 ) сейсмотұрақтыл анулар ( сейсмикалық қауіпті аймактар үшін); 3) селге қарсы жаттығулар (сел қаупі бар өнірлер үшін); 4) ықтимал аймактарда су тасқыны, су тасқыны, су тасқыны; 5) өрт болған жағдайда эвакуациялық жаттығулар	Ұйымдардың қызметкерлері, студенттер, білім беру үйымдарының білім алушылары мен оқытушылары, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үйымдарындағы тәрбиешілер мен балалар	1, 2 және 5 тармақтар бойынша – тоқсан сайын 3, 4 тармақтар бойынша - жылына бір рет сел қаупі басталғанға дейін, су тасқыны қаупі бар кезеңдерінің алдында	Азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жатқызылған үйымдар, төтенше жағдайдың болжамды тарапу аймағында орналасқан білім беру үйымдары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үйымдары
17.	Оқу-әдістемелік сабактар	Азаматтық қорғау үйымдарының басшылық кұрамы, құралымдарының жеке құрамы	Жыл сайын	Азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жатқызылған, сондай-ақ азаматтық қорғаныстың аумақтық және объектілік құрылымдары бар үйымдар

#### 4. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар және жұмыс істемейтін тұрғындар

	Жаттығулар мен жаттығуларға тарту арқылы. Оқу құралдарын , жадынамаларды, мерзімді баспасөз материалдарын	Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар		
--	---	-------------------------------	--	--

18.	өз бетінше және жұмыс істемейтін тұрақты тұрғындар	Тұрақты	ТЖМ	
-----	--	---------	-----	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК